

ӘОЖ 80

ГТАХР 16.01.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.003>

ОНОМАТОПЕЯЛЫҚ СӨЗДЕРДІҢ ТІЛАРАЛЫҚ БЕРІЛУДЕГІ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

*Бейбітова А.С.¹, Қоңыратбаева Ж.М.², Қапанова А.Қ.³

*^{1,2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

³Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада «Ж. Роулиннің «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» көркем аудармасының прагмалингвистикалық аспектісі» докторлық диссертация шеңберінде ономатопеялық сөздердің тіларалық берілудегі прагматикалық аспектісі ұсынылады. Зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын халқының тілі мен мәдениетінде маңызды орын алатын ономатопеялық (еліктеу) сөздердің аудармасы мәселесі зерттеледі. Ономатопеялық сөздер құбылыстардың дыбыстық және көбінесе эмоционалды жақтарын жеткізе отырып, тілде маңызды рөл атқарады.

Жұмыстың мақсаты – ономатопеялық тіркестердің мәтіндегі прагматикалық қызметін ескере отырып, аударма ерекшеліктерін зерттеу. Зерттеудің негізгі бағыттарына ономатопеяның аудармасына мәдени және тілдік ерекшеліктердің әсерін талдау, сондай-ақ осы тіркестердің прагматикалық мағынасын барабар жеткізудің стратегияларын әзірлеу кіреді.

Зерттеу әдістемесі әртүрлі тілдердегі параллель мәтіндердегі ономатопеялық тіркестерді салыстырмалы талдауға негізделген. Ономатопеялық бірліктердің бір тілден екінші тілге аударылу ерекшеліктеріне, сөзбе-сөз аударма, эквивалентті аударма сияқты әртүрлі аударма тәсілдеріне де мән беріледі. Негізгі назар аударылатын мәселе – прагматикалық сипат. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ономатопеялық сөздер жасалатын дыбыстар мен мағыналардың сәйкес келмеуі, сондай-ақ мәдени және әлеуметтік айырмашылықтар келтіріледі. Ономатопеялық сөздер арқылы екі тіл мен мәдениеттегі мәтінді қабылдауға және ой-санаға қалай әсер ететіні талданады. Аудармашылардың ономатопеялық бірліктерді беру кезінде мәдени реңк пен мәнмәтін сияқты прагматикалық факторларды ескеру мәселесі зерттеледі.

Зерттеу нәтижелері ономатопеялық сөздердің прагматикалық аспектісі туралы түсінікті кеңейтуге көмектеседі және тіларалық коммуникацияда жұмыс істейтін аудармашылар мен лингвистер үшін пайдалы ұсынымдар береді. Сондай-ақ ономатопеялық бірліктерді аударудағы прагматиканың

маңыздылығын және түпнұсқадағы эмоционалды дыбысты сақтауға ұмтылатын аудармашыларға жаңа мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: ономатопея, ономатопеялық сөз, прагматикалық сипат, көркем аударма, мәнмәтін, коммуникация, салыстырмалы зерттеу, прагматикалық ерекшелік

Кіріспе

Сөз таптары категориясына жататын, тілдік емес акустикалық түйсікті адамға тән артикуляциялық органдардың көмегі арқылы тілдік дыбыстармен беруге тырысу – қазақ тілінде еліктеу сөздер терминімен мәлім категория. ЕС (еліктеу сөздер) – лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тұрғыдан алып қарағанда, тілдің басқа сөздерінен бөлек ерекше сөздер. Олар табиғат пен күнделікті тіршілікте кездесетін сан алуан дыбыстарды тілде соларға еліктеп, алуан түрлі күй-сипатты, қимыл-қозғалыстарды тілде бейнелеп көрсетеді. Бұл сөздер С.В. Воронин негізін қалаған фоносемантика ілімінің нысаны болып табылады. ЕС тілдердің фонетикалық және морфологиялық құрылыстарының әрқилылығына қарамастан қандай да бір белгілі дыбысқа немесе қозғалысқа негізделетіндіктен олардың әртүрлі тілдердегі фонетикалық құрылымы өзара ұқсас, универсалды болып келеді. Сондықтан да, бұл тілдік категория – Фердинанд де Соссюрдің тілдік таңбаның екі жағы, олардың арасындағы байланыстың еркін екендігі жөніндегі белгілі іліміне қайшы құбылыс.

ЕС бүгінгі таңға дейін әртүрлі тілдерде белгілі дәрежеде зерттелсе де, тіл білімінің әлі күнге дейін толық шешімін таппаған көптеген даулы, демек, әлі де жан-жақты зерттеуді талап ететін мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл сөздер лингвистикада ономатопея (грек. *onomatopoica* – сөз жасау, мұндағы *onoma* – атау, *poesis* – жасау) терминімен белгілі.

ЕС-дің тіл біліміндегі жалпы зерттеу дәрежесі жөнінде Қ. Құсайынов былай деп тұжырымдады: «В целом же, исходя из исследований ранних и позднейших исследований звукоизобразительности, можно заключить, что к настоящему времени собран значительный фактический материал, разработана классификация подражательных слов, различными методами исследования доказано существование звуко-символизма в ряде языков мира, определены закономерности в характере соотношения между звукоизобразительным словом и его денотатом, доказана системность подражательных слов, начато изучение типологии звукоизобразительных систем и фоносемантических универсалий» [1, 31 б.].

Oxford Learner компаниясының онлайн сөздігінде: “Ономатопеялық сөздер – бұл ұқсас шуды, мысалы, *ысқырықты* сипаттау үшін дыбыстарды қамтитын жазбадағы сөздердің қолданылуы” деген анықтама берілген [2]. Дыбыстық сөздер күнделікті әңгімеде де, әдебиетте де кездеседі.

Ономатопеялық сөз – көбінесе роман, поэма, комикстерде қолданылатын әдеби көркемдегіш құралдың бір түрі. Демек, осы сөздермен сенсорлық тәжірибе жасау арқылы көріністер бейнеленеді.

ЕС XX ғ. 50-60 жылдарынан бастап қазақ, қырғыз, түркімен, ұйғыр және т.б. түркі тілдерінде дербес сөз табы ретінде қарастырылып келеді және ауызекі тілде де, көркем әдебиетте де кеңінен қолданылады. Ал ағылшын тілінде басқа да үндіеуропалық тілдердегідей одағайлардың құрамында қарастырылады. Бұған себеп – үндіеуропалық тілдерде ЕС-дің сөйлемдегі орны мен қолданылуы жағынан одағайларға ұқсас келетіндігі. Мәселен, ЕС, негізінен, одағайлар сияқты голофрастикалық сипатта болады, яғни өзі жеке тұрып, бүтін бір сөйлемнің қызметін атқара алады. Еліктеу сөздердің қазақ тілінде екі түрі бар екені белгілі: еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер [3, 344 б.]. Ағылшын тілінде дыбысқа еліктеуден гөрі бейнелеуіш сипатты танытатын түрі басым, ал қазақ тілінде әрі еліктеуіш, әрі бейнелеуіш сөздер бірдей белсенді. Көшпенді тұрмыс-салтын ұстанғандықтан қазақ халқында табиғатпен тікелей байланыс ерекше дамыған. Сол себепті айналадағы дыбыстарға еліктеу белсенді қабатта көрініс табады. Ал ағылшын халқы отырықшылықпен ертерек айналысуына байланысты бейнелеуіш сөздер қатары азырақ болып келеді.

Жалпы ономатопеялық сөздердің шығу кезеңіндегі екі халықтың күйі, өмір сүру салты маңызды рөл атқарады. Ағылшын-қазақ тіліндегі ономатопеялық сөздерді (еліктеу сөздерді) салыстыра қарасақ, қолданылу жиілігінің әртүрлі екендігін аңғаруға болады. Бұл сөздер ағылшын тілінде саны жағынан аз, әрі көркем әдебиетте де қазақ тіліндегідей кеңінен қолданылмайды.

Алайда Ж. Роулиннің «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» романында әдеби көркемдегіш құралдарды жиі қолданған, солардың ішінде маңызды рөл атқаратын – ономатопеялық сөздер (еліктеу сөздер) қатары. Бұл роман алғаш рет Ұлыбританияда 1997 жылы Блумсбери баспасынан жарық көрді. Кітап 1999 жылы New York Times ең көп сатылатын фантастика тізімінде бірінші орынға ие болды. Уақыт өте келе бұл кітап дүние жүзінде 80 тілге аударылды, олардың ішінде қазақ, орыс, әзірбайжан, беларус, украин, араб, урду, хинди, бенгал, уэльс, африкан, албан, латыш және вьетнам тілдері бар.

Оқырмандардың назарын аудару үшін автордың әдеби құралды, әсіресе ономатопеялық сөздерді қолдануы романды қанық етіп, ерекшелей түсті. Еліктеу сөздер – көркем әдебиетте көп кездесетін, айтатын ойды дәл жеткізу жағынан ерекше мәні бар, тілімізге әрдайым әсемдік, ықшамдылық, көріктік сипат беріп тұратын, шығарма тілін бейнелеп, мәнерлеп тұратын сөздер [4, 129 б.]. Ағылшын және қазақ тілдері әр типтес тілдер тармағына жатады. Сол себепті автор идеясы мен мәнмәтінді түпнұсқа тілден аударма тіліне көшіру оңай емес. Сөздікте барлық дыбыстық сөздер берілмеген

және бұл аудармашыларға оларды аударуда қиындықтар туғызады. Луиза Хейвуд ономатопея ерекше құбылыс немесе сөздің дыбыстық формасы екенін атап өткен. Олар дыбысқа еліктеу арқылы жасалады. Сөз бен мағынаның арақатынасы «мәдени қарым-қатынаспен» және берілген тілдің фонологиялық жүйесімен тығыз байланысты. Сонымен қатар ономатопеялық сөз әдетте ресми тілден гөрі бейресми қарым-қатынаста жиі қолданылады. Тілдер арасындағы әртүрлі тілдік жүйелер мен мәдениеттер олардың аударма үдерісінде мәселе тудыруы мүмкін. Сондықтан бұл зерттеуде ономатопеялық сөздердің ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасы талданатын болады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Нақты зерттеу материалы ретінде Ж. Роулиннің «Хэрри Поттер және пәлсапа тас» туындысында кездесетін ономатопеялық сөздер және олардың аудармасы алынды. Бұл зерттеуде ономатопеялық сөздер және олардың аудармасы мәселесі қарастырылады, екі тілдің ономатопеялық сөздер қатарын зерттеуде салыстырылмалы әдіс қолданылады. Бұл әдісті қолдану мақсаты және себебі – тіркестердің түпнұсқа тілі, яғни ағылшын тілінде және аударма тілі (қазақ тілінде) болуы.

Нәтижелер

Зерттеу барысында «Хэрри Поттер және пәлсапа тас» туындысында түпнұсқа тілінде 103 ономатопеялық тіркес анықталды.

Біз өз ізденісімізде ағылшын тіліндегі көркем туындының аудармасын қарастыратындықтан, ономатопеялық сөздерді ағылшын тіліндегі жіктеліміне сәйкес біріншілік (дыбыстық) және екіншілік (бейнелеуіштік) ономатопея деп талдауды мақсат еттік.

Бұл жіктеуді ағылшын зерттеушісі Стивен Ульманн «Language and Style» (Тіл және стиль) еңбегінде атап өткен:

- 1) Біріншілік (primary) ономатопея
- 2) Екіншілік (secondary) ономатопея [5, 83-84 б.].

Біріншілік және екіншілік ономатопеяны ажырату қажет. Біріншілік ономатопея, яғни дыбыстың дыбысқа еліктеуі, екіншілік түріне қарағанда қарапайым және мәселе туғызбайды. Екіншілік ономатопеяда қозғалыстың акустикалық емес тәжірибесі, өлшемі, эмоционалдық реңкі және т.б. дыбыстармен бейнеленеді. Көп жағдайда бір шу әртүрлі тілде шамамен бірдей қабылдануы және транскрипциялануы тиіс. Бұған «көкек» шығаратын дыбыс мысал ретінде жиі келтіріледі және бұл құстың көптеген үнді-еуропа тілдерінде ғана емес (ағылшынша cuckoo, французша coucou, испанша cuculillo, итальянша cuculo, немісше kuckuck, орысша kukushka және т.б.), сонымен қатар кейбір фин-угор идиомаларында (венгр какук,

фин каки, зырян кёк) өте ұқсас дыбыс шығаратыны белгілі. Сол сияқты қорылдауды білдіретін етістіктер көптеген тілдерде (ағылшынша *snore*, немісше *schnarchen*, голландша *snorken*, латынша *stertere*, французша *ronfler*, испанша *roncar*, орысша храпеть, венгрше *horkolni*, қазақша қорылдау т.б.) р дыбысымен келетіні – табиғи құбылыс. Мұндай сәйкестіктер қызығушылық тудырады және әрі қарай зерттеуге тұрарлық, алайда тілдің іргелі құрылымына тым айқын.

Ал «екіншілік» ономотопеяға байланысты туындайтын мәселелер анағұрлым күрделі. Бұл типте дыбыс пен мағынаның байланысы біріншілікпен с

– поэзиядағы танымал құрал. Белгілі бір дыбыс үлгілерінің тілдерде салыстырғанда көп байқалмағанымен, мұнда да әртүрлі тілдегі ономотопея арасында айтарлықтай ұқсастықтар бар. І [ай] дауыстысының кішілікті, кішкентайлықты білдіретін символдық мағынасы бірнеше тілде кездеседі: ағылшынша *little, slim, thin, wee, teeny-weeny*, французша *petit*, итальянша *piccolo*, румынша *mic*, латынша *minimus*, грек тілінде *pikpos* т.б. Көптеген тілдерді зерттей отырып, бұл ұқсастық қаншалықты жалпы екенін және оны статистикалық тұрғыдан қорытындылап тұжырымдауға болады.

Ономотопея стилистикалық мақсаттарда қалай қолданылатынында керемет жүйелілік бар.

Стивен Ульманн ағылшын тіліндегі ономотопеяны біріншілік және екіншілік деп жіктесе, қазақ тілінде еліктеу сөздер ішкі мағыналық ерекшеліктеріне қарай екі түрге бөлінеді: бірі – еліктеуіш сөздер, екіншісі – бейнелеуіш сөздер.

Еліктеуіш сөздер – өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы адамның есту мүшесі арқылы дыбысқа еліктеу ұғымын білдіретін еліктеу сөздердің бір мағыналық түрі.

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы құбылыстар мен заттардың, жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаттары мен әрекет қимылдарын көру мүшесі көз арқылы қабылданған бейне-көріністердің атаулары.

Ағылшын тілінде ономотопеялық сөздер таза лексикалық қабатқа жатқызылса, ал қазақ тілінде лексика-грамматикалық категория ретінде жеке сөз табы болып бекітілген.

«Characteristics of Onomatopoeia (Ономотопея сипаттамалары)» еңбегінде Ц. Томас ономотопеялық сөздерді өздері сипаттаған дыбысқа байланысты төрт топқа бөлді, атап айтқанда:

- 1) жануарлар шығаратын дыбыс;
- 2) табиғатқа қатысты дыбыстар,
- 3) адам шығаратын дыбыс,
- 4) басқа дыбыстар [6].

Natim & Munday (2004) Ж.-П. Вине және Ж. Дарбельне ономатопеялық сөздерді аудару үдерісін екі түрге жіктеді:

1) тікелей аударма, басқа тілден енген, калька және сөзбе-сөз аударманы қамтиды;

2) жанама аударма, транспозиция, модуляция, эквиваленттілік және бейімделуді қамтиды. Олар аударма бірлігін «сипаты жеке-жеке аударуға болмайтындай байланысқан айтылымның ең кіші бөлігі» деп анықтады [7].

Ономатопеяны зерттеуге арналған бірнеше теориялар ұсынылады, олардың кейбіреулері фонетикаға, басқалары сөз түрлеріне назар аударады. Ladtschenko (n.d) неміс ономатопеялық қозғалыс етістіктерін зерттеді. Автор бұл етістіктердің өнімді болатынын айтады. Олар ономатопеялық зат есімдермен бірдей қасиетке ие. Бірақ кейбір жағдайларда бұл сөздер аудармада түсіріліп қалады. Meireles (2009) жапон, неміс және португал тілдерінің ономатопеялық сөздерін салыстырды. Корпус негізіндегі зерттеу неміс және португал тілдеріндегі ономатопеялық сөздердің жапондарға қарағанда ұқсастықтары көбірек екенін көрсетті. Alameer (2019) жүргізген зерттеу ағылшын және араб тілдері әуендік тілдер болып табылады және екеуі де технология мен поэзия сияқты әртүрлі салаларда ономатопеяны қолдана алады деп тұжырымдайды. Ономатопеялық сөздердің категориясына, мағынасына, дыбысталуына байланысты араб және ағылшын тілдерінің ұқсастықтары бар екенін дәлелдеді. Әртүрлі тілдердегі ономатопеяларды анықтау үшін бірқатар зерттеулер жүргізілгенімен, ағылшын-қазақ немесе керісінше қазақ-ағылшын аударматану саласында қарастырған еңбектер жоқтың қасы.

Сондықтан ономатопеяны ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару үдерісіне жаңа көзқарас қажет.

Біріншілік (дыбыстық) ономатопеялық сөздердің аударма үдерісін талдау. Жалпы ағылшын тілінде біріншілік ономатопеялық сөздерден гөрі екіншілік ономатопеялық сөздердің қолданылу жиілігі белсенді болып келеді. Дей тұрғанмен «Хэрри Поттер және пәлсапа тас» туындысында біріншіліктің, яғни дыбыстық еліктеулердің орны басым. Бұл жайт аталмыш көркем туындының балаларға арналғандығына байланысты деп тануға болады. Себебі бала тілінде қоршаған табиғат құбылыстарының және айналадағы заттардың қозғалуына қызығушылық басым.

Талқылау

Туындыда ономатопеялық сөздер, негізінен, етістік, зат есім, сын есім, үстеу, шылау сөздер ретінде келеді. Солардың ішінде ең жиі кездесетіні – етістік.

Кесте 1. Мәнмәтіндегі ономатопеялық сөздерді екі тілде салыстыру

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
Hagrid whooped and clapped and Mr. Ollivander cried, «Oh, bravo! Yes, indeed, oh, very good. Well, well, well... how curious... how very curious...» [8, 60 б.].	Хәгрид аһ ұрып, қол соқты . Оливандер мырза болса қуанып: - Браво! - деді. - Иә, өте жақсы. Пай, пай, пай ...неткен қызық...өте қызық... [9, 93 б.]

Onomatopoeia Dictionary реестрінде ономатопея ретінде тіркелген *whooped* және *clapped* етістіктері қазақ тіліне күрделі етістік түрінде аударылған. Яғни ұлттық тіл аудармасында еліктеу сөз вербалданып тұр [10]. Дыбысқа негізделген бұл біріншілік ономатопеяның ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де прагматикалық аспектісі тең дәрежеде. Мұнда кейіпкердің оқиғаға деген айрықша көңіл күйі әсерлі жеткізілген. Ономатопеяның аударма нұсқасы да қуанышты сол деңгейде бере алған.

Кесте 2. Мәнмәтіндегі ономатопеялық сөздерді екі тілде салыстыру

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
Harry didn't sleep all night. He could hear Neville sobbing into his pillow for what seemed like hours [8, 176 б.].	Түнімен ұйықтай алмады. Невил де біраз уақыт жастыққа басын қойып, қорсылдап жатты [9, 257 б.].

Аудармада кейбір сөздердің грамматикалық категориясы өзгереді. Бұл үдерісте сөз таптары, нақтырақ айтқанда, зат есімдер етістіктерге немесе кез келген басқа сөз таптарына, кейде сөз тіркесіне немесе сөйлем сөйлемге ауыстырылады. Келтірілген мысал *sobbing* герунді зат есімі *қорсылдап* етістігіне айналғаны көрсетілген. Ғылыми дәлелдерді негізге ала отырып, аудармашы берілген біріншілік ономатопеяны түпнұсқа тіл мен аударма тілдің арасында бірдей мағына беру үшін транспозиция әдісін қолданған.

Кесте 3. Мәнмәтіндегі ономатопеялық сөздерді екі тілде салыстыру

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
Around half past twelve there was a great clattering outside in the corridor and a smiling, dimpled woman slid back their door and said, «Anything off the cart, dears?» [8, 72 б.].	Сағат он екі жарымға таман купенің сыртынан салдыр-гүлдір дыбыс естілді де, есікті күлімсіреген әйел ашып: –Тіске басар аласыңдар ма, балақайлар ? – деді [9, 108 б.].

Модуляция түпнұсқа мәтіннің семантикалық мәнін өзгертеді, бірақ идея немесе ой өз қалпында қалады. Түпнұсқа мәтін мен мақсатты мәтінде

қолданылатын сөз немесе сөз тіркесі әртүрлі. Бұл әдіс жалпы аудармада 13 ономатопея аудармасында қолданылады. Мысалдар «clattering» «қатты заттардың құлауы немесе бір-біріне соқтығысуы сияқты үздіксіз сықырлау дыбысын» білдіреді. Бұл жағдайда аудармашы модуляция тәсілі орынды деп санайды, себебі ол түпнұсқа мәтіннің мағынасын сақтап қалған. Сонымен бірге аудармашы жалпы тіркестерді, немқұрайлылық пен тілдің қарабайырлығын қолданудан аулақ [10, 82 б.]

Кесте 4. Мәнмәтіндегі ономатопеялық сөздерді екі тілде салыстыру

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
Then, suddenly, Hagrid let out a howl like a wounded dog [8, 10 б.].	Ол ит қыңсылағандай жылап жіберді [9, 25 б.].

Эквивалентті аударма тәсілі түпнұсқа мәтіннің стилистикалық әсерін сақтайды. Бұл – ономатопеялық сөздерді аударудың ең оңтайлы тәсілі. Аудармашы көрсетілген сөздерді осы тәсіл арқылы аударған. Мәтінде «a howl» сөзі «ит қыңсылағандай» деп аударылды.

Кесте 5. Мәнмәтіндегі ономатопеялық сөздерді екі тілде салыстыру

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
None of them noticed a large, tawny owl flutter past the window [8, 1 б.].	Ешқайсы терезенің жанынан үлкен сарғыш үкі пыр етіп ұшып өткенін байқаған жоқ [9, 12 б.].
There was suddenly a sound of more galloping from the other side of the clearing [8, 186 б.].	Алаңқайдың қарсы бетінен тұяқ дүрсілі естілді [9, 269 б.].

Келесі мысалда «to fly unsteadily or hover by flapping the wings quickly and lightly» дегенді білдіретін *flutter* етістігіне еліктеген дыбыс «пыр етіп» деп аударылған. Яғни біріншілік еліктеу сөз аударма тілінде де біріншілік санатын сақтаған.

Тағы бір дыбысқа еліктеуден пайда болған ономатопея galloping герунд зат есімі дүрсіл деп субстантивтенген.

Кесте 6. Мәнмәтіндегі ономатопеялық сөздерді екі тілде салыстыру

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
They heard the click of the mail slot and flop of letters on the doormat [8, 22 б.].	Сол сәтте кіре беріс есіктегі поштаға арналған саңылау ашылып, жерге түскен хаттың дыбысы естілді [9, 42 б.].

Onomatopoeia Dictionary реестрінде біріншілік ономотопея ретінде тіркелген click зат есімі жай дыбысты емес, сәл жылдам, өткір дыбыс мағынасын береді [11]. Сондықтан аударма тілінде «жерге түскен хаттың *сарт етіп түскен дыбысы* естілді» деп қосу тәсілін қолдануды ұсынамыз. Бұл субстантивтену + адвербалдану әдісіне нақты мысал болып, түпнұсқа мағынасын аша түсер еді.

Кесте 7. Мәнмәтіндегі ономотопеялық сөздерді екі тілде салыстыру

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
«S-s-sorry,» sobbed Hagrid, taking out a large, spotted handkerchief and burying his face in it [8, 10 б.].	К-к-кешіріңіз, – деді Хэгрид ағыл-тегіл көз жасы жуған бетін орамалмен сүртіп жатып [9, 25 б.].
A man appeared on the corner the cat had been watching, appeared so suddenly and silently you'd have thought he'd just poppped out of the ground [8, 5 б.].	Бір кезде мысық қарап отырған бұрыштан бір ер адам шықты. Дыбыссыз әрі кенеттен пайда болғандықтан, жер астынан шықты ма дерсің [9, 18 б.].

Бейнеге негізделген бұл екіншілік ономотопея «sobbed» «ағыл-тегіл» деп аударылды, сәйкесінше мағынасы сақталған. То sob сөзінің мағынасы Onomatopoeia Dictionary сөздігінде: еңтігу, әдетте жылау кезінде. Демек, ағылшын тіліндегі біріншілік ономотопея қазақ тілінде екіншілік ономотопея ретінде берілген.

Келесі мысалдағы екіншілік ономотопеялық сөз жай етістік болып аударылған, алайда *to pop* сөзінің мағынасы – жай *шығу* емес, *атып шығу*. Сол себепті қосу тәсілін қолдана отырып, жер астынан атып шықты ма дерсің деп аудару ұсынылады. Ономотопеялық сөздің прагматикалық дәрежесі жоғарылай түсер еді.

Түйіндей келгенде, ағылшын-қазақ тілдері әр типтес болғандықтан, сөз табы жұмсалымында сандық айырмашылықтар бар.

Қорытынды

Зерттеу бойынша келесідей қорытынды жасауға болады: 1) Ономотопеялық сөздер зат есім, етістік, шылау, үстеу болып аударылады. Ономотопеялық етістік екі тілде де жиі кездеседі. 2) Аударма талдауының негізінде аудармашы Vinay және Darbelnet теориясына қатысты тікелей аударма, транспозиция, модуляция, эквиваленттілік және бейімделу болып табылатын аударма тәсілдері қолданылған. 3) Ономотопеялық сөздерді аударуда калька және сөзбе-сөз аударма тәсілдері қолданылмайды, өйткені олар түпнұсқа мәтін сөздерінің мағынасын сақтау керек.

Ономотопея адам өмірінің айналасындағы тірі дыбыстарға негізделген сөздерді жасау болғандықтан, ол визуализация мен сезімнің құралы болып

табылады. Бұл зерттеу тек ағылшын тілінен қазақ тіліне ониматопеялық сөздерді аударуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері болашақта аударматану және лингвистика салаларындағы зерттеу еңбектерінде пайдалануға негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Хусаинов К. Звуко-изобразительность в казахском языке. – Павлодар: Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, 2010. – 268 с.
- [2] Oxford Learner's Dictionary. <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/>
- [3] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- [4] Рустемова А. М. Жапон және қазақ тілдеріндегі еліктеу сөздерінің зерттелу мәселесі (Проблема исследования звукоподражательных слов в казахском и японском языках) // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2013. – № 3. – Б. 128-159.
- [5] Ullmann S. Blackwell, B. Language and Style: Collected Papers. Front Cover, 1964 – Language and languages – 270 p.
- [6] Thomas T. W. C., & Clara, C. H. W.. Characteristics of Onomatopoeia: Lin 1001 Discovering Linguistics, 2004. Retrieved from www.thomastsoi.com/research/files/characteristics_of_Onomatopoeia.
- [7] Hatim B., & Munday J. Translation: an advanced resource, 2004. New York: Routledge.
- [8] Роулин Ж.К. Хэрри Поттер мен пәлсапа тас. – Алматы, Steppe&World, 2021. – 324 б.
- [9] Rowling J. K. Harry Potter and the Philosopher's Stone / J. K. Rowling. – L.: Bloomsbury, 1997. – 196 p.
- [10] Сәдубек С.Қ. Ағылшын тіліндегі ертегілерді қазақ тіліне аудару ерекшеліктері // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ “Хабаршысы-Известия” ғылыми журналының “Филология ғылымдары” сериясы. – 2020. – № 3. – Б. 81-87.
- [11] Written Sound Onomatopoeia Dictionary. <http://www.written-sound.com/index.php?term>

REFERENCES

- [1] Khusainov, K. Zvuko-izobrazitel'nost v kazakhskom iazyke [Sound-visualism in the Kazakh language] . – Pavlodar : PGU im. S. Toraigyrov PSU, 2010. – 268 s. [in Rus.]
- [2] Oxford Learner's Dictionaries. <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/>
- [3] Yskakov, A. Kazirgi kazak tili. 2-basylymy. Filologiya fakultetleri

studentterine арналған okulyk [Modern Kazakh language. 2nd edition. Textbook for students of philological faculties].— Almaty: Ana tili, 1991. —384 p. [in Kaz.]

[4] Rustemova A.M. Zhapon zhәне qazaq tilderindegi elikteu sözderiniñ zerttelu мәselesi (The issue of studying onomatopoeic words in Kazakh and Japanese languages) – «Philology» series of the scientific journal «Vestnik» of Al-Farabi Kazakh National University – 2013, No. 3. – pp. 128–159. [in Kaz.]

[5] Ullmann S. Blackwell B. Language and Style: Collected Papers. Front Cover, 1964 – Language and languages – 270 p.

[6] Thomas T. W. C., & Clara C. H. W. Characteristics of Onomatopoeia: Lin 1001 Discovering Linguistics, 2004. [www.thomastsoi.com/ research/files/characteristics_of_Onomatopoeia](http://www.thomastsoi.com/research/files/characteristics_of_Onomatopoeia)

[7] Hatim B., & Munday I. Translation: an advantsed resourtse book, 2004. New York: Routledge. [in Eng.]

[8] Rouling Zh.K. Khərri Potter men pəlsapa tas [Harry Potter and the Philosopher’s Stone]. – Almaty, Steppe&World, 2021. – 324 b. [in Kaz.]

[9] Rowling I. K. Harry Potter and the Philosopher’s Stone / I. K. Rowling. – L. : Bloomsbury, 1997. – 196 p.

[10] Sadubek S.K. Agilshin tilindegi ertegilerdi kazak tiline a,udaru erekshelikteri [Features of translating English fairy tales into Kazakh] // Abylai han atyndağy QazHqjÄTU “Habarşysy ” ğylymi jurnalynyñ “Filologia ğylymdary” seriasy. – 2020. – No3. – B. 81-87. [in Kaz.]

[11] Written Sound Onomatopeia Dictionary. <http://www.writtensound.com/indekh.php?term>

ПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ОНОМАТОПОЭТИЧЕСКИХ СЛОВ В МЕЖЪЯЗЫКОВОЙ ПЕРЕДАЧЕ

*Бейбитова А.С.¹, Коныратбаева Ж.М.², Капанова А.К.³

*^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

³Международный университет Астана, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье прагматический аспект оноματοпоэтических слов в межъязыковой передаче рассматривается в рамках докторской диссертации «Прагмалингвистический аспект литературного перевода произведения Дж. Роулинг «Гарри Поттер и философский камень»». В научной статье рассматривается проблема перевода оноματοпических (звукоподражательных) слов, которые занимают важное место в языке и культуре казахского и английского народов. Звукоподражательные слова играют важную роль в языке, передавая звуковую, а зачастую и эмоциональную сторону явлений.

Цель работы – изучить особенности перевода звукоподражательных слов с учетом прагматической функции их в тексте. К основным направлениям исследований относятся анализ влияния культурных и языковых особенностей на перевод звукоподражаний, а также разработка стратегий адекватной передачи прагматического смысла этих словосочетаний.

Методика исследования основана на сравнительном анализе звукоподражательных словосочетаний в параллельных текстах на разных языках. Внимание уделяется особенностям перевода звукоподражательных единиц с одного языка на другой, а также на различных методах перевода, таких как дословный перевод и эквивалентный перевод. Важную роль играет прагматический аспект. Отмечается несоответствие звуков и значений звукоподражательных слов в казахском и английском языках, а также культурные и социальные различия. Анализируется, как звукоподражательные слова влияют на восприятие и мышление текстов двух языков и культур. Исследуется вопрос учета переводчиками прагматических факторов, таких как культурный тон и контекст, при передаче звукоподражательных единиц.

Результаты исследования помогают расширить понимание прагматического аспекта звукоподражательных слов и дать полезные рекомендации переводчикам и лингвистам, работающим в межкультурном общении. Это также подчеркивает важность прагматики при переводе звукоподражательных единиц и предоставляет новую возможность переводчикам, стремящимся сохранить эмоциональное звучание оригинала.

Ключевые слова: ониматопея, ониматопеическое слово, прагматический характер, художественный перевод, контекст, коммуникация, сравнительный метод исследования, прагматический аспект

PRAGMATIC ASPECT OF ONOMATOPOEIC WORDS IN INTER-LANGUAGE TRANSMISSION

*Beibitova A.S.¹, Konyratbaeva Zh.M.², Kapanova A.K.³

*^{1,2} L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³ Astana International University, Astana, Kazakhstan

Abstract. This article presents the interlingual pragmatic aspect of onomatopoeic words in the framework of a doctoral dissertation on the topic «The Pragmalinguistic aspect of the Literary Translation of J. Rowling «Harry Potter and the Philosopher's Stone». The article presents the problem of translating onomatopoeic words, which occupy an important place in the language and culture of the Kazakh and English peoples. Onomatopoeic words play an important role in language, conveying the sound, and often the emotional side of phenomena.

The purpose of the work is to study the features of the translation of onomatopoeic words, taking into account their pragmatic function in the text. The main areas of research include the analysis of the influence of cultural and linguistic characteristics on the translation of onomatopoeia, as well as the development of strategies for adequately conveying the pragmatic meaning of these phrases.

The research methodology is based on a comparative analysis of onomatopoeic phrases in parallel texts in different languages. Attention is paid to the features of translating onomatopoeic units from one language to another, as well as to various translation methods, such as literal translation and equivalent translation. The pragmatic aspect plays an important role. There is a discrepancy between the sounds and meanings of onomatopoeic words in the Kazakh and English languages, as well as cultural and social differences. It analyzes how onomatopoeic words influence the perception and thinking of texts in two languages and cultures. The issue of translators' consideration of pragmatic factors, such as cultural tone and context, when transmitting onomatopoeic units is explored.

The results of the study help to expand the understanding of the pragmatic aspect of onomatopoeic words and provide useful recommendations to translators and linguists working in interlingual communication. It also highlights the importance of pragmatics when translating onomatopoeic units and provides a new opportunity for translators seeking to preserve the emotional resonance of the original.

Keywords: onomatopoeia, onomatopoeic word, pragmatic feature, literary translation, context, communication, comparative research method, pragmatic aspect

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 17.06.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.*

Авторлар туралы мәлімет:

Бейбітова Айдана Сымбатқызы – негізгі автор, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6356-1847>, e-mail: aydana_94.18@mail.ru

Қоңыратбаева Жанар Молдалиевна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2231-2684>, e-mail: zhanarkon@mail.ru

Қапанова Айжан Қапановна – білім беру магистрі, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2231-2684>, e-mail: aizhan.kapanova@aiu.edu.kz

Информация об авторах:

Бейбитова Айдана Сымбаткызы – магистр гуманитарных наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-6356-1847>, e-mail: aydana_94.18@mail.ru

Коныратбаева Жанар Молдалиевна – кандидат филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-2231-2684>, e-mail: zhanarkon@mail.ru

Капанова Айжан Капановна – магистр образования, Международный университет Астана, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-2231-2684>, e-mail: aizhan.kapanova@aiu.edu.kz

Information about the authors:

Beibitova Aidana Symbatkyzy – Master of Arts, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6356-1847>, e-mail: aydana_94.18@mail.ru

Konyratbayeva Zhanar Moldalievna – Candidate of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2231-2684>, e-mail: zhanarkon@mail.ru

Kapanova Aizhan Kapanovna – Master of Education, Astana International University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2231-2684>, e-mail: aizhan.kapanova@aiu.edu.kz